

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

## БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Алматы қаласы

2016 жыл 12 желтоқсан

### **KASE жаңа интернет-сайтының ерте бета-нұсқасы іске қосылғаны және TradingView Inc -пен қосалқы брендке ие болуы туралы хабарлайды**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE немесе Биржа) 2016 жылдың 12 желтоқсанынан бастап Биржаның жаңа ресми интернет-сайтының ерте бета-нұсқасы [beta.kase.kz](http://beta.kase.kz) мекен-жайы бойынша іске қосылғаны туралы хабарлайды.

Биржаның корпоративтік интернет-сайты Қазақстанның қаржы нарығы, Биржа және оның мүшелері, листингілік компаниялар мен қаржы құралдары туралы ақпарат алудың негізгі көзі бола тұра, KASE клиенттерін мен оның қызметінің сапасын арттырудағы негізгі құралдардың бірі болып табылады.

Биржаның жаңа интернет-сайты барынша қарқынды әрі пайдалануға ыңғайлы болмақшы, өзінің қызықты дизайнымен және тартымды интерфейсімен, сондай-ақ күнделікті мәліметтер ағымының көптігімен, жоғарғы ақпараттылығымен ерекшеленетін болады. Ақпараттардың басым бөлігі нақты уақыт режимінде құрастырылмақшы. Онда Биржаның қызметін пайдаланушылардың түрлі топтарына, нарықтың жаңа тұтынушылары мен кәсіби қатысушыларына бағытталған бөлімдер ашу жоспарланған.

Сайттың ұсынылып отырған бета-нұсқасын іске қосу кезінде, кіріспе бетінен басқа беттерде нарық акциялары, корпоративтік облигациялар, МБҚ, халықаралық қаржы ұйымдары мен деривативтердің бағалы қағаздары ұсынылған. Парақшалардың тізбесі жаңа бөлімдерді іске қосу мүмкіндігі бойынша үздіксіз көбейе бермекші, ол туралы қосымша хабарлаймыз.

Әсіресе, KASE жаңа интернет-сайтының ерекшелігі, KASE мен TradingView Inc арасындағы қосалқы бренд туралы жасалған келісімге сәйкес, қаржы әлеміндегі танымал сервис (кітапхана) **TradingView** биржалық кестесін пайдалану(<https://ru.tradingview.com/>) мүмкіндігі туатын болады.

"TradingView – инвесторлар мен трейдерлер үшін қолайлы сервис болып табылады, оны нарықты қадағалаушы тәжірибесіз пайдаланушылар да, техникалық талдау құралдарымен және интерактивті ағымдық кестелермен жұмыс істейтін, кәсіби тұтынушылар да қолдана алады. Осы заманауи платформаның барлық мүмкіндіктерін KASE ақпаратын тұтынушылары қолдана алады, әр ай сайын сервиске мәліметтеріміздің жаңа блоктарын қоса отырып, біз оларға барынша жаңа мүмкіндіктерді ұсынбақпыз", – деп атап өтті KASE Басқармасы Төрағасының орынбасары А.Ю.Цалюк.

TradingView сервисі KASE сауда-саттығында қол жетімді қаржы құралдары бағасының өзгеруін қадағалау, ағымдағы жағдайды талдау жасау және қарауға арналған құралдардың кең жиынтығына ие, сондай-ақ болжам жасауға және нарықтың конъюнктурасын бақылауға мүмкіндік береді.

Жаңа сайттың барлық жұмыстарын 2017 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарлануда. [www.kase.kz](http://www.kase.kz) сайты жұмысын стандартты режимде жалғастырады.

#### **Анықтама үшін**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) қаржы нарығында қызмет атқаратын, Орта Азия аймағындағы жетекші және Қазақстандағы жалғыз қор биржасы болып табылады. Бұл репо нарығы құралдары, шет елдік валюта, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар

нарығындағы, халықаралық қаржы институттары, сондай-ақ туынды құралдар облигациялары үшін әмбебап сауда-саттық құралы болып табылады.

KASE Халықаралық федерациялар биржасының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржасы Федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі болып табылады. KASE 2015 жылы БҰҰ "Қор нарығы тұрақты даму үшін" атты бастамасына қосылды. KASE ТМД елдерінің арасында бағалы қағаздармен сауда-саттық бойынша 2 орынға ие болды, сондай-ақ FEAS биржаларының акциялар нарығын қаржыландыру бойынша бестікке кірді.

TradingView Inc. әлемдегі трейдерлер мен инвесторларға онлайн режимінде нарықтық ақпаратқа талдау жасауға және ойларымен бөлісуге мүмкіндік беретін, әлеуметтік трейдингтің онлайн-платформасын басқарады. Ресурс ай сайын 100 -деген елдердің 500 000-ден астам белсенді пайдаланушыларының басын біріктіреді. TradingView сондай-ақ, 4000-нан астам қаржы порталдары мен сайттары үшін нарықтық мәліметтері бар кестелер кітапханасын ұсынады. TradingView клиенттері – CME Group (Чикаго товарлық биржасы тобы), BM&FBOVESPA (Латын Америкасындағы ірі қор биржасы), "Санкт-Петербург биржасы" ӨАҚ, Investing.com Компания интернет-бренді және жаһандық қаржы порталы 2011 жылы құрылды және Вестервилле, Огайо, АҚШ-та орналасқан.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, [pr@kase.kz](mailto:pr@kase.kz)